

Қарағанды қаласы бойынша халық үшін қатты тұрмыстық қалдықтарды жинауға, тасымалдауға, сұрыптауға және көмуге арналған тарифтерді бекіту туралы

Қарағанды қалалық мәслихатының 2025 жылғы 30 сәуірдегі № 254 шешімі

Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексінің 365 бабының 3 тармағына, Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңына сәйкес, Қарағанды қалалық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Қарағанды қаласы бойынша халық үшін қатты тұрмыстық қалдықтарды жинауға, тасымалдауға, сұрыптауға және көмуге арналған тарифтері қосымшаға сәйкес бекітілсін.

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен қолданысқа енгізіледі.

Қалалық мәслихат төрағасы

А.Бөкенов

Қарағанды қалалық мәслихатының

2025 жылғы "30" сәуірдегі

№ 254 шешіміне

Қосымша

Қарағанды қаласы бойынша халық үшін қатты тұрмыстық қалдықтарды жинауға, тасымалдауға, сұрыптауға және көмуге арналған тарифтері

№ п/п	Атауы	Есептік бірлік	Қызметтің құны Қосылған құн салығын ескере отырып (теңге)
1.	Қатты тұрмыстық қалдықтарды жинауға, тасымалдауға, сұрыптауға және көмуге арналған тарифтері		
1.1.	Жайлы үйлер	Тұрғын/1 айда	595
1.2.	Жайлы емес үйлер	Тұрғын/1 айда	764
2.	Жеке, заңды тұлғалар мен жеке кәсіпкерлік субъектілері үшін қатты тұрмыстық қалдықтарды жинауға, тасымалдауға, сұрыптауға және көмуге арналған тарифтері	1 м3	4 059
Оның ішінде қызмет түрлері бойынша:			
2.1.	Қатты тұрмыстық қалдықтарды жинау және тасымалдау	1 м3	3 181
2.2.	Қатты тұрмыстық қалдықтарды сұрыптау	1 м3	388
2.3.	Қатты тұрмыстық қалдықтарды көму	1 м3	490

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК